

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 252 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 Заңының 27-бабына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

"2016 жылға Аягөз ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 4372 тіркелген, аудандық "Аягөз жаңалықтары" газетінде 2016 жылғы 26 наурызда № 16 (10489) жарияланған);

"2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 878 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 4373 тіркелген, аудандық "Аягөз жаңалықтары" газетінде 2016 жылғы 19 наурызда № 14 (10487) жарияланған);

"Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 6 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 4371 тіркелген, аудандық "Аягөз жаңалықтары" газетінде 2016 жылғы 26 наурызда № 16 (10489) жарияланған);

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ. Рғаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Байахметов